



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 26/462  
01 июля 2016 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

## АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІМЕН! С ДНЁМ АСТАНЫ!

### Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді Елордамыз - Астана күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Әрбір қазақстандық үшін бұл мерекенің маңызы зор және шын мәнінде жалпыхалықтық екендігі белгілі.

Бүгінде, береке мен бірлігіміздің ұйытқысы, абыройымыздың айғағы болған Астана қаласының күні барша қазақстандықтардың мерейлі мерекесіне айналып үлгерді.

Тәуелсіздігіміздің тірегі, Отанымыздың жүрегі болған Елордамыз күн санап гүлденіп, өзінің әсемдігімен күллі әлемді тамсандырып келеді.

Астана - Қазақстанның жаңару нышаны, оның көп ұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі, асқақ армандар ұштасатын армандар шыңы.

### Қымбатты әріптестер!

Астанамыз гүлденіп, халқымызды біріктіріп, айбынды және көркем болып, әлемдік қоғамдастықта өзінің орнын нығайта берсін!

Сіздерді осы тамаша мерекемен құттықтаймыз! Шын жүректен мықты денсаулық пен бақыт, бейбітшілік пен амандық, табыстар, Отанымыз Қазақстан Республикасының игілігі жолында жана жеңістер тілейміз!

### Құрметпен,

Қала әкімі

Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин

Б.Сәрсембеков



### Уважаемые жители города!

Сердечно поздравляем Вас с Днём столицы – Астаны!

День Астаны – праздник всех казахстанцев, потому что через Астану, Казахстан объявляет всему миру о высоких целях и больших возможностях.

Сегодня Астана - центр всей экономической и культурной жизни Казахстана, здесь пишется его новая история. С каждым годом столица укрепляет статус евразийского центра делового и политического сотрудничества с мировым сообществом.

Астана стала гордостью нашего народа, символом независимости и суверенитетом страны.

### Дорогие коллеги!

Пусть наша молодая, но уверенно смотрящая вперед столица, процветает, объединяет всех нас, становится величественней и прекрасней, укрепляет свои позиции в мировом сообществе!

Поздравляем Вас с этим прекрасным праздником! Желаем всем мира, взаимопонимания, здоровья и счастья!

### С уважением,

Акима города

Секретаря маслихата

К.Камзин

Б.Сәрсембеков

## ОСЫНДАЙ БІЗДІҢ АСТАНА!..

1994-жылы Қазақстан Республикасы Парламенті отырысында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы ұсыныс жасады. 1997-жылы 20-қазанда астананы ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1998-жылы 6-мамырда Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгерді. 1998-жылы маусымның 10-ында жаңа елорданың халықаралық тұсаукесер рәсімі өтті. Бұл күн 2006-жылға дейін астананың туған күні ретінде атап өтіліп келді. 2006-жылдан бастап шілденің 6-сы елорда күні ретінде атап өтіледі.

Астана қаласы елдің астанасы болғанға дейін қазақ елінің бірқанша елордалары болғаны тарихтан белгілі. Қазақ елінің бұрынғы астаналарын еске түсіріп көрейікші. Қазақ жерінің бас қалаларының бастауында Батыс түрік қағанатының астанасы – Суяб тұр. Қарахан мемлекетінің астанасы – Баласағұн. Қарлұқ қағанатының астанасы – Қойлық. Оғыз мемлекетінің астанасы – Янгикент. XII-XIV ғ.ғ. Қыпшақ хандығының, XIV-XV ғ.ғ. Ақорда мемлекетінің, 1446-жылдан бастап Әбілқайыр мемлекетінің және XVII-ғасырға дейін Қазақ хандығының астанасы – Сығанақ. Қазақ хандығының саяси және рухани астанасы – Түркістан. 1920-жылдан бастап Қазақстанның тұңғыш астанасы Орынбор қаласы болды. Кейіннен ол Ресей құрамына қабылданады. 1925-жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. Қызылорда қаласының бұрнағы атауы Ақмешіт болатын. Түркісб құрылысы астананы Алматыға көшіруде басты себеп болды. Бұл заң жүзінде 1927-жылы, іс жүзінде 1929-жылы жүзеге асырылды.

Бүгінгі біздің Елордамыз – Астана. Біз бүгінде бүкіл еліміздің игілігі болып табылатын жаңа астанаға ие болдық. Жаңа елорда Отанымыз үшін біздің сүйікті Қазақстанымыздың жаңа болашағының жарқын да ізгі беташары болды.

Астана аз ғана уақыт ішінде әлемде өзіндік келбеті бар аймен, күнмен таласқан әсем қалаға айналды. Астана сан-түрлі арман қиялдарды жүзеге асырып, сан-қилы тағдырларды тоғыстырып жатқан керемет те көркем қала. Астанамыздың көркеуі елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың арқасы екенін білуіміз керек. Елбасымыз айтқандай, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жаңа Астанасы әрі жас Астанасы қайсымыздың болса көкірімізде арайлы рухты оятады. Сарыарқа самалымен тербелген ерке-Есілдің бойындағы ғажап қала – ол біздің Астанамыз. Есіл өзені қаланы екіге бөліп жатыр. Есілдің оң жағалауында көбіне тұрғын үйлер орналасқан, ал сол жағалауы жалпы Қазақстанның саяси орталығы болып табылады. Есіл өзенінің сол жағалауында Президент Ақ Ордасы, Парламент Сенаты мен Мәжіліс үйлері, Конгресс холл, «Интерконтиненталь» қонақ үйі, тағы басқа негізгі экономикалық, саяси орталықтар орналасқан. Астана тек қана әкімшілік қала емес, халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелері, театрлары мен музейлері.

«Астана -Бәйтерек» монументі Елорданың басты көрнекті орындарының бірі. Есіл өзенінің сол жақ жағасында жапырақ жайған «Астана-Бәйтерек» заңғар көкке құлаш ұрды. "Бәйтеректің негізгі идеясы — ол Бейбітшілік Ағашы. Мұндай ағаштың басты қызметі әлемнің үш деңгейлі құрылымын біріктіру: төменгі жерасты, жер үсті және аспан әлемі. Биіктігі 105 метрлік, салмағы 1000 тоннадан асатын металл құрастырмалар 500 тіреу-қадаларға бекітілген. Әлемде тұңғыш рет диаметрі 22 метрлік, салмағы 300 тонналық күн сәулесімен құбылып тұратын әйнектен жасалған шар 97 метрлік биіктікке көтерілді – бұл Қазақстанның жаңа елордасының 1997-жылдан бастап пайда болғанын еске салады. 97 метрлік биіктікте, шардың ішінде

жаңа елорда-ның келбетін алақанға салғандай көрсететін панорама залы орналасқан. Күміс тұмарға – Нұрсұлтан Назарбаевтың алақанының таңбасы салынған. Ол мемлекетті және оның азамат-тарының бейбіт өмірін, достығы мен келісімін қастерлеп сақтауға үндейді. Астанада әлемдік діндердің бірінші съезі өткізілуі монументке үлкен маңыз береді. Рухани көшбасшылардың бірінші съезінен кейін «Аялы алақан» жанында тағы бір ұстын пайда болды. Онда Қазақстан жеріне әлемнің 17 елінен келген әлемдік діндер көшбас-шылары қолтаңбалары мен тілек-батасын қал-дырды. Жаңарған елорданың көркін аспанмен таластырған «Астана-Бәйтерек», сәулет өнерінің жаңару нышаны, Астана символы, Қазақстан сим-волы болып отыр.

Тәуелсіздік сарайы Үш этаждан тұратын Сарайдың өзіндік архитектуралық ойынан шығады. Бірінші этажда бір мезгілде 3100 адамды орналастыратын жиналыс залы бар. Тәуелсіздік сарайының ерекше мақтаншы болып үшінші қабатта орналасқан Астананың тарихына арналған мұражай «Астана кеше, бүгін, ертең...» табылады. Мұражай Қазақстанның жаңа астанасының бүкіл қалыптасу тарихын көрсетеді. Тәуелсіздік Астананы өмірге келтірді. Өз кезегінде Астана біздің Тәуелсіздігімізді қуаттап, дамыту тусында. Астана жарқын, қуатты да өркенді, барша қазақстандықтарды біріктіретін және алға қарай ұмтылған қалаға айналды. Астана – бұл қаланың жақсы тіршілік етуін қамтамасыз етіп отырған, инженерлік инфрақұрылымы, көлік жүйесі, коммуналды шаруашылығы мен тұрғын үй қоры, әлеуметтік нысандар жүйесі дамыған қазіргі заманғы ірі мегаполис. Астана - әлемнің үздік астанасы болу үшін өзінің алдына нақты міндеттер мен мақсаттар қойды. Ол өзінің мақсаттарына жету үшін жұмыс істейтін болады.

Мемлекетімізді бәсекелестікке қабілеттікті дамыту – бүкіл елдің, Астананың дамуы үшін айқын басымдылық. Әрине, Париж, Лондон, Токио сынды қалалармен бәсекелес болу өте қиын. Алайда, мүмкін жай. Бұл тұрғыдан басты бағыттарды 2007-жылғы 28-ақпандағы «Жаңа



әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында Елбасы баса көрсеткен. 2008-жылы Астана қаласының 10 жылдық мерейтойы тойланды. 2009-жылы Халық санағы өтті. Астана халқының саны 684 мыңға жетті. 1998-жылы мұнда 225 мың адам тұратын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің болашағы бүгіннен басталады» деген үндеуінде сендерге үміт артып отыр. Енді бір 20-30 жылдан кейінгі елімізді басқаратын және жоғарғы техниканы меңгерген жұмысшылар сендер боламыз. Астана қаласы аз ғана уақыт ішінде қарқынды жылдамдықпен өсіп келе жатырған біздің бас қаламыз. Жастарымыз терең білім алып, бас қаламыздай қалалар тұрғызуға өзіндік үлестерін қосатын болады. Тәуелсіздігіміздің тірегі, елдігіміздің жүрегі Астанамыз асқақтай берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚР журналистер одағының мүшесі

### Астананы жырлаймыз!

Аспандағы аққуларға қосқан ән,  
Егеменді елін алға бастаған.  
Бар әлемге танытты ғой қазақты,  
Асқақтаған арман қала – Астанам.

Саған қарап, болашақты көремін,  
Келешектің кемеліне сенемін.  
Жүрегінде дана қазақ рухы бар,  
Өсіп келе жатыр өңкей өренім.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## АРМАН ҚАЛА – АСТАНА

Арман қала, асыл қала – Астанам,  
Абыройы, беделі артық басқадан.  
Гүл-гүл жайнап өсіп жатқан  
бас қалам,  
Жазылатын, шырқалатын  
асқақ ән.

Келбетімен ел мерейін өсірген,  
Армандарды ақиқатқа көшірген.

Саф алтындай салқын самал еседі,  
Асыр сала еркелеген Есілден.

Үміт толы атқан таңың арайлы,  
Алтын сәуле шартарапқа тарайды.  
Жайрандаған, сайрандаған халыққа,  
Бәйтерегім сонау  
көктен қарайды.



**«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН, ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АТА-АНАНЫҢ АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ».**

**Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 17/6 қаулысы.**  
Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2016 жылдың 17 маусымында № 3861 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшаға сәйкес Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Б. Қазиева

Приозерск қаласы әкімдігінің  
2016 жылғы 19 мамырдағы  
№ 17/6 қаулысына қосымша

**Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны	Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (тенге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ат-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (тенге)	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (тенге)
		Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік	Мемлекеттік
1.	Балабақша	510	22888	9500	22888
2.	Мектепке дейінгі шағын орталық	130	15359	9500	15359

**«ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗАКАЗА НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕРА ПОДУШЕВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ И РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В РАСЧЕТЕ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА НА 2016 ГОД В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК».**

**Постановление акимата города Приозерск от 19 мая 2016 года № 17/6.**

Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области 19 июня 2016 года за № 3861.

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», подпунктом 8-1) пункта 4 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 27 июля 2007 года «Об образовании», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Утвердить государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

Исполняющая обязанности акима города

Б. Қазиева

Приложение  
к постановлению акимата города Приозерск  
от 19 мая 2016 года № 17/6

**Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск**

№	Вид дошкольной организации образования	Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения	Размер подушевого финансирования организаций в месяц (в тенге)	Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге)	Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц (в тенге)
		Государственный	Государственный	Государственный	Государственный
1.	Детский сад	510	22888	9500	22888
2.	Дошкольный мини-центр	130	15359	9500	15359

## ИНФОРМАЦИЯ

### О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ НЕПРАВИТЕЛЬСТВЕННЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ЗА 1 ПОЛУГОДИЕ 2016 ГОДА

В настоящее время, без вовлечения общественности в систему государственного управления невозможно успешно решать многочисленные проблемы общества. Особую актуальность приобретает роль неправительственных организаций, как в политике отдельного государства, так и в международном масштабе. Деятельность НПО является одной из ключевых составляющих в решении социальных проблем, поддержки гражданских инициатив, побуждения населения к самоорганизации и самореализации. Необходимость развития НПО все более очевидна для общества и власти. Учитывая то, что неправительственные организации создаются гражданами, знающими или знакомыми с социальными проблемами общества и знающими пути их решения, НПО могут являться потенциальными партнерами государственных органов. А различная направленность деятельности НПО позволит решить многие социальные проблемы общества.

По состоянию за 1 полугодие 2016 года в городе Приозерск действуют 8 общественных объединений и 6 филиалов профсоюзных организаций. Работа действующих НПО в городе Приозерск в основном направлена на поддержку сохранения и развития национальных культур народов проживающих на

территории города, развитию среднего и малого бизнеса, содействию воспитания и образования детей и подростков, а также в поддержку инвалидов, ветеранов, и социально незащищенных граждан, социальная поддержка работников организации и учреждении города.

Защиту прав и интересов предпринимателей города осуществляют представительство ОЮЛ и ИП «Карагандинская ассоциация предпринимателей», «Ассоциация предпринимателей г.Приозерск, «Возрождение 2014» и другие. Взаимодействие неправительственными организациями продолжается в течение многих лет, а спектр вопросов, которые решаются членами Ассоциации расширяется с каждым годом: это и оказание помощи больным, организация благотворительных обедов для отдельных категорий граждан, поддержка мероприятий в сфере культуры и спорта, а также принятие участие в благотворительных акциях «Забота» по сбору вещей для детей из малоимущих семей, «Теплая зима», которая проводится для одиноко проживающих пожилых людей, в праздничных мероприятиях, посвященных Дню Победы, защиты детей, Наурыз-меірамы. Оказывают спон-

сорскую помощь в проведении благотворительных акций.

Общественное объединение Совет ветеранов не только принимает участие в общественно важных мероприятиях города, но и оказывает моральную и социально-бытовую помощь ветеранам ВОВ и труженникам тыла, а также оказывается помощь в решении проблемных вопросов ветеранов (представительство интересов ветеранов в государственных учреждениях). При городском Совете ветеранов действуют постоянные комиссии – социально-бытовая, агитационно-пропагандистская, культурно-массовая.

Основой работ действующих профсоюзных организаций является трехстороннее городское соглашение между акимом города Приозерск, профсоюзами города, ассоциацией предпринимателей и работодателями города. В разделах соглашения отражены вопросы, регулирующие оплату и нормирование труда, охрана труда и здоровья, кадрового обеспечения и занятости, социальных гарантий. Согласно соглашению под контролем профсоюзов находятся такие вопросы как предоставление отпусков, своевременная выплата заработной платы и отпускных, распределение путевок в сана-

торно-оздоровительные лагеря, оказание материальной помощи при несчастных случаях и смерти близких родственников и т.п.

В целях стимулирования гражданской активности среди молодежи и их взаимодействия с государственными органами инициировано открытие молодежного общественного объединения. На сегодняшний день в городе Приозерск действует общественное объединение «Жастар-Жастарга». В городе Приозерске действует «Совет по взаимодействию с неправительственными организациями», который координирует работу всех общественных объединений, профсоюзных организаций и ассоциации предпринимателей города. Отделом внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск продолжается работа по активизации граждан в решении социальных проблем. Путем развития гражданского сектора и создания благоприятных условий для реализации общественных инициатив.

**Ш. Жанылхан,**  
Приозерск қаласы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ КЕЙБІР ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Приозерск қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің аппарат басшысы А. Исатаевақа жүктелсін.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Д. Сәденов

Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ қаулысына қосымша

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМИ СИЛУ НЕКОТОРЫХ ПОСТАНОВЛЕНИЙ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившими силу некоторые постановления акимата города Приозерск согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на руководителя аппарата акима города А. Исатаева.

Исполняющий обязанности акима города

Д. Саденов

Приложение к постановлению акимата города Приозерск от «\_\_» \_\_\_\_\_ 2016 года № \_\_\_\_

Приозерск қаласы әкімдігінің кейбір күші жойылған қаулыларының Тізімі

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 16 қаңтардағы № 2/1 «Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2530 болып тіркелген, 2014 жылғы 21 ақпандағы № 08/341 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

2. Приозерск қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 3 шілдедегі № 26/8 «Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2708 болып тіркелген, 2014 жылғы 8 тамыздағы № 32/365 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

3. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 2/2 «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2976 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 ақпандағы № 08/393 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

4. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 5 ақпандағы № 5/1 «Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3013 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 наурыздағы № 10/395 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

5. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/2 «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3074 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 13/398 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

6. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/3 «Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3067 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 13/398 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

7. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/4 «Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3066 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 13/398 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

8. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/5 «Приозерск қаласының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3066 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 13/398 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

9. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/6 «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3073 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 13/398 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған);

10. Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 13/1 «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3108 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 14/399 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған).

Перечень некоторых постановлений акимата города Приозерск, утративших силу

1. Постановление акимата города Приозерск от 16 января 2014 года № 2/1 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел строительства города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2530, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 21 февраля 2014 года № 08/341);

2. Постановление акимата города Приозерск от 3 июля 2014 года № 26/8 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел экономики и финансов города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2708, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 8 августа 2014 года № 32/365);

3. Постановление акимата города Приозерск от 15 января 2015 года № 2/2 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2976, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 27 февраля 2015 года № 08/393);

4. Постановление акимата города Приозерск от 5 февраля 2015 года № 5/1 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Аппарат акима города Приозерск Карагандинской области» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3013, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 13 марта 2015 года № 10/395);

5. Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/2 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3074, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года № 13/398);

6. Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/3 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел ветеринарии города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3067, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года № 13/398);

7. Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/4 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3066, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года № 13/398);

8. Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/5 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел образования города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3065, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года № 13/398);

9. Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/6 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел физической культуры и спорта города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3073, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 3 апреля 2015 года № 13/398);

10. Постановление акимата города Приозерск от 26 марта 2015 года № 13/1 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3108, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 10 апреля 2015 года № 14/399).

ВОСПОЛЬЗУЙТЕСЬ ВОЗМОЖНОСТЬЮ И ЛЕГАЛИЗУЙТЕ ИМУЩЕСТВО

Легализация имущества в Казахстане началась 1 сентября 2014 года в соответствии с Законом "Об амнистии граждан Республики Казахстан в связи с легализацией ими денег" и в связи с продлением срока акции закончится 31 декабря 2016 года. Отличие от предыдущих акций - в 2001 году проведена легализация денег, в 2006 и 2007 годах помимо денег легализовывалось уже движимое и недвижимое имущество. В данной акции, легализации подлежат деньги, ценные бумаги, доля участия в уставном капитале юридического лица, недвижимое имущество, как казахстанского, так и иностранного происхождения. Для тех, кто еще не стал участником акции, пока остается время. Тем более, что кардинально упрощены процедуры легализации денег. Теперь деньги можно узаконить двумя способами.

Первый: показать их через банковские счета и использовать на любые свои нужды, например: вложить в бизнес, купить недвижимость и т.д., и, наконец, просто снять. При этом все это будет производиться без уплаты 10%-го сбора.

Второй способ: легализовать деньги, находящиеся за рубежом или в наличном обороте, в заявительной форме, не показывая их на банковских счетах. Но при этом уплачивается в бюджет 10%-ый сбор. И в том, и в другом случае субъект легализации подает соответствующую декларацию в органы государственных доходов.

Существенно упрощены процедуры и легализации имущества. Теперь для узаконения имущества, находящегося на территории Казахстана, оформленного на другое лицо или субъекта легализации, достаточно сдать в органы государственных доходов соответствующую декларацию и сопутствующие документы. То же самое касается легализации имущества, находящегося за рубежом. То есть излишнее звено - комиссии при органах государственных доходов упразднены. Субъекту легализации необходимо обращаться в комиссию при акиматах на местах, только в отношении легализации недвижимого имущества, находящегося на территории Казахстана и не оформленного ранее должным образом.

Легализация

Любые сведения, связанные с легализацией имущества, являются налоговой и банковской тайной. Как следствие, никто не имеет права распространять третьим лицам сведения о легализации, в частности, ни работники комиссий по легализации, ни сотрудники органов государственных доходов, ни работники банков второго уровня и отделений Казпочты. За распространение такой информации предусмотрена уголовная ответственность. Соответственно, на любые запросы в отношении легализации, связанные с конкретными лицами, декларациями и прочими сведениями, должен следовать отказ в предоставлении какой-либо информации.

Кроме того, субъекты легализации защищены от неправомерных действий со стороны правоохранительных и других государственных органов. Так, запрещено заводить уголовные дела или использовать в качестве доказательств по нему сам факт легализации имущества и денег. Также легализованное имущество не может быть конфисковано.

В связи с планируемым в 2017 году всеобщим декларированием доходов и расходов населения, Управление государственных доходов по г. Приозерск просит Вас воспользоваться льготами и легализовать свое имущество. Всеобщая декларация будет



проведена в два этапа. Первый этап начнется с 1 января 2017 года. Государственные служащие, судьи, депутаты, административный персонал национальных компаний и госучреждений должны будут сдавать декларацию о доходах и имуществе. А уже в 2020 году к этому процессу присоединятся все рядовые казахстанцы. Тогда декларацию будут обязаны представлять все без исключений совершеннолетние граждане, а также несовершеннолетние, если они имеют имущество или какие-то активы на свое имя. За последних декларацию будут представлять родители или опекуны.

Б. Дуйсенов, руководитель УГД по г. Приозерск

## 2016 ЖЫЛДЫҢ 10 АҚПАНЫ КҮНІ ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНАН ТҮСКЕН ҰСЫНЫСТАР МЕН ЕСКЕРТУЛЕРДІҢ ІС-ШАРА ЖОСПАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ

№	Ескертулер мен ұсыныстардың қысқаша мазмұны (аты-жөні, мекен жайы)	Ескертулер мен ұсыныстарды жүзеге асыру іс-шаралары	Орындау уақыты	Жауапты қала әкімінің орынбасары	Жауапты орындаушы	Орындалуы
1.	Бірінші және екінші қабат арасындағы баспалдақтың, бірінші кіреберіс жолындағы «кіреберіс мандайшасының» жағдайы туралы; (Д. Народов көш. 4/1 үй тұрғындары)	1. Аталған сұрақтарды қарастырып, әкімге ұсыныс дайындасын; 2. Арыз берушіге жазбаша түрде жауап қайтарылсын;	маусым 2016 г.	Саденов Д.Ш.	Айдарханов Т.А.	2016-2017 ж.ж. жылу маусымына дайындығының іс-шаралар жоспарының аясында «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны 2016 жылғы тамыз айында эксплуатациялық шығындар есебінен бірінші подъезд бастырмасы мен бірінші және екінші қабаттар арасындағы баспалдақты қалпына келтіру жұмыстарын атқарады, сондай-ақ ағымдағы жылдың 30 тамызына дейін бірінші подъезд алдындағы кіреберіс жолды қиыршық тас (щебень) төсеу арқылы тегістеу жұмыстарын жүргізеді. <b>Орындау мерзімі ұзартылды</b>

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Д. Саденов

## ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПЛАНА МЕРОПРИЯТИЙ ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ЗАМЕЧАНИЙ НАСЕЛЕНИЯ, ПОСТУПИВШИХ В ХОДЕ ПРОВЕДЕНИЯ ОТЧЁТНОЙ ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА 10 ФЕВРАЛЯ 2016 ГОДА

№	Содержание предложения, замечания (автор, адрес)	Мероприятия по реализации предложений и замечаний	Срок исполнения	Ответственный курирующий заместитель акима города	Ответственные за исполнение	Исполнение
1.	О состоянии подъездной дороги к первому подъезду, «kozyрька-навеса» перед входом в первый подъезд, лестничной площадки между первым и вторым этажом. (Жильцы дома 4/1 по улице Д. Народов)	1. Провести осмотр по данным вопросам и дать предложение акиму; 2. Дать ответ в письменном виде заявителям.	июнь 2016 г.	Саденов Д.Ш.	Айдарханов Т.А.	Согласно плана мероприятий по подготовке к отопительному сезону 2016-2017 г.г. Коммунальное государственное предприятие «Управление жилищно-коммунального реформирования» в августе 2016 года будут проводить работы по восстановлению лестничной площадки между первым и вторым этажом и козырька-навеса перед входом в первый подъезд за счет эксплуатационных расходов, также до 30 августа текущего года будут проведены работы по укладке щебени для выравнивания подъездной дороги. <b>Срок продлен</b>

Исполняющий обязанности акима города

Д. Саденов

## КҮМІС КӨМЕЙ, ЖЕЗ ТАҢДАЙ

Өткен аптада «Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығында мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасын жүзеге асыру және талантты жастардың өнерін дамыту мақсатында патриоттық әндердің «Күміс көмей, жез таңдай» атты байқауы өткізілген болатын. Аталмыш байқауға қатысу мүмкіндігіне облыстың түкпір-түкпірінен дарынды да, талантты жастар ие болғанын. Бұл байқауды ұйымдастырудағы басты мақсат – еліміздегі дараланған кесек тұлғалы композиторларды, жас талантты әншілерді қолдау,



олардың үлкен өнерге деген жолдарын ашу, сонымен қатар, зерделі мұзика зерттеушілерінің шығармашылығы мен әндерін насихаттау және жас ұрпақты патриот-

тық сезімге баулу. Үлкен дайындықпен келгенін көрсеткен қатысушылар екі кезеңнен тұратын сайыста 2 әннен орындады. Бірінші ән үміткердің шығармашылығынан алынса, екінші ән талап бойынша патриоттық тақырыпқа арналған болатын. Үміткерлер әндерді шынайы, табиғи дауыспен орындады. Кеш осымен қызықты болғаны сөзсіз. Аталмыш байқауда «Қазақ елі осындай!» атты әнімен Байжанова Назипа, «Жаса Қазақым!» әнімен Каримбаева Жанар

## Патриоттық әндердің байқауы өткізілді

сынды қаламыздың сұлу қыздары өнер көрсетті. Сонымен қатар, талай жанның сүйікті әншісіне айналған Батырхан Шүкеновтің репертуарынан Шаяхметов Мейіржан есімді Шахтинск қаласынан келген мүмкіндігі шектеулі қатысушымыз «Твои шаги» атты әнімен көпшілікті таң қалдырды. Бұдан өзге Шахтинск, Топар, Сәтбаев, Абай, Қарқаралы қалаларынан және Ақтоғай ауданынан келген «сегіз қырлы, бір сырлы» дара тұлғалардың таланттарына куә болдық.

Байқаудың қорытындысы бойынша ән доданың «Бас жүлдесіне» Абай ауданынан келген Искакова Жанна атты ару ие болды. Ал, I орынды 18405 әскери бөлімінің қызметкері Сайырманов Бақытжан бауырымыз иеленді. Дәл солай II орынды да біздің жерлесіміз «Жастар ресурстық орталығының» заңгері Жолдасбаев Асет иеленсе, III орынды Ақтоғай

ауданының атынан келген үміткер Нұрмағанбетов Жомарт есімді қатысушы еншіледі. Жалпы байқауда 12 үміткер бақ сынады, соның ішінде көпшіліктің ерекше ықыласына бөленген жерлесіміз Убисов Талғат «Көрермендер көзайымы» номинациясымен марапатталды. Бұл байқау жас әншілердің үлкен сахнаға шығуына, бақтарын сынауға, танымал әнші болуға серпін беретіндей әсер қалдырды.

Б. Алшынбекұлы





ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ  
2004 ЖЫЛҒЫ 20 АҚПАНДАҒЫ № 28/5  
«ЖЕР САЛЫҒЫНЫҢ БАЗАЛЫҚ СТАВКАЛАРЫН  
ЖОҒАРЫЛАТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНІҢ КҮШІН  
ЖОЮ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМЕТТІ:**

1. Қалалық мәслихаттың 2004 жылғы 20 ақпандағы № 28/5 «Жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату туралы» (2004 жылғы 23 наурызда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1440 тіркелген, 2004 жылғы 28 сәуірде № 37 (10828) «Балхаш өңірі» газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

2. Осы шешім туралы «Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» және «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемелері хабардар етілсін.

Сессия төрағасы  
Қалалық мәслихат хатшысы

Д. Дүйсембаев  
Б. Сәрсембеков

**ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ  
2015 ЖЫЛҒЫ 25 АҚПАНДАҒЫ XXXX  
СЕССИЯСЫНЫҢ № 40/310 «ПРИОЗЕРСК  
ҚАЛАСЫ БОЙЫНША КОММУНАЛДЫҚ  
ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ  
ЖИНАҚТАЛУ НОРМАЛАРЫН БЕКІТУ  
ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНІҢ КҮШІН ЖОЮ  
ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМЕТТІ:**

1. Приозерск қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы» (2015 жылғы 26 наурызда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3070 тіркелген, 2015 жылғы 10 сәуірде № 14/399 «Приозерский вестник» газетінде және 2015 жылғы 07 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылсын.

2. Осы шешім туралы «Приозерск қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі хабардар етілсін.

Сессия төрағасы  
Қалалық мәслихат хатшысы

Д. Дүйсембаев  
Б. Сәрсембеков

**О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ  
РЕШЕНИЯ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО  
МАСЛИХАТА ОТ 20 ФЕВРАЛЯ 2004 ГОДА  
№ 28/5 «ОПОВЫШЕНИИ БАЗОВЫХ СТАВОК  
ЗЕМЕЛЬНОГО НАЛОГА»**

В соответствии Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившим силу решения городского маслихата от 20 февраля 2004 года № 28/5 «О повышении базовых ставок земельного налога» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 1440 от 23 марта 2004 года, опубликовано в газете «Балхаш өңірі» № 37 (10828) 28 апреля 2004 года).

2. О данном решении известить государственные учреждения «Управление государственных доходов по городу Приозерск» и «Аппарат акима города Приозерск».

Председатель сессии  
Секретарь городского маслихата

Д. Дюсембаев  
Б. Сарсембеков

**О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ  
РЕШЕНИЯ XXXX СЕССИИ ПРИОЗЕРСКОГО  
ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА ОТ 25 ФЕВРАЛЯ  
2015 ГОДА № 40/310 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ  
НОРМ ОБРАЗОВАНИЯ И НАКОПЛЕНИЯ  
КОММУНАЛЬНЫХ ОТХОДОВ ПО ГОРОДУ  
ПРИОЗЕРСК»**

В соответствии Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», городской маслихат **РЕШИЛ:**

1. Признать утратившим силу решение XXXX сессии городского маслихата от 25 февраля 2015 года № 40/310 «Об утверждении норм образования и накопления коммунальных отходов по городу Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3070 от 26 марта 2015 года, опубликовано в газете «Приозерский вестник» № 14/399 от 10 апреля 2015 года и в информационно-правовой системе «Әділет» 07 апреля 2015 года).

2. О данном решении известить государственное учреждение «Аппарат акима города Приозерск».

Председатель сессии  
Секретарь городского маслихата

Д. Дюсембаев  
Б. Сарсембеков

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**



Өткен жұма күні Қарағанды қаласындағы «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы және облыстық тіл басқармасының ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Тарих кеңістігіндегі тілдерді дамытудың өзектілігі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Аталмыш конференцияға қоғам қайраткерлері, ғалымдар, тіл мамандары, аймағымыздың қалалары мен аудандарынан баспасөз, білім беру, идеология салаларының өкілдері мен құрметті қонақтар қатысты.

Ғылыми-практикалық конференцияны облыс әкімі Нұрмұхамбет Қанапияұлы Әбдібеков ашып, бүгінгі өткеріліп отырған конференцияның маңыздылығына тоқталды.

Алғаш болып сөзге шыққан қоғам қайраткері, «Айқын» газетінің бас редакторы Нұр-төре Байтілсұлы Жүсіп «Алаш қайраткерлері және қазіргі тіл мәселесі» тақырыбында баяндама жасады. Шешен сөз арасында мемлекеттік тілді дамыту барысында әлі де кемшін тұстар барлығына, Алаш ардақтыларының тіл мәселесіне аса мән бергеніне, оның ішінде ұлт көсемі болған Әлихан Бөкейхановтың, Мұстафа Шоқайдың атқарған өлшеусіз қызметі мен еңбектерін айтып, ардақтарымыздың есімін ұлықтауға

көңілдің аз бөлініп отырғанын тілге тиек етті және көрінекті қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтың есімін өзінің туған өлкесіндегі, бүгінгі Қарағанды облысының Октябрь ауданына беру туралы ұсынысын жеткізіп, жиын қатысушылары тарапынан қызу қолдауға ие болды.

Ғылыми-практикалық конференцияда халықаралық журналист Сұлтанхан Аққұлұлы Жүсіп, белгілі ақын Серік Ақсұңқарұлы, Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті Техникалық физика және экология проблемалары институтының директоры, Халықаралық қазақ тілі қоғамының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Темірғали Әбілдаұлы Көкөтай «Осы ғасырдағы біздің тілге қызметіміз келесі ғасыр үшін маңызды» тақырыбында сөзге шығып, Т.Ә.Көкөтай мырза мемлекеттік тілдің қолданылу аясын әлі де кеңейтуді және мектептердегі жаратылыстану пәндерін ағылшын тіліне



көшірудің дұрыс еместігін дәлелдермен жеткізді. Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Алмагүл Советқызы Әділова «Қала ономастикасындағы менсонимдер», Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік

*Тарих кеңістігіндегі тілдерді дамытудың өзектілігі*

университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Берік Серікбайұлы Рахымов «Алаштың Әлихан аңсаған азаттық» тақырыптарында баяндамаға шықты.

Ғылыми-практикалық конференцияның екінші бөлімінде «Тілдерді оқыту мәселелері» және «Алаш мұрасы – ұлт руханиятының қайнар көзі» тақырыптарында секциялық жұмыстар жүргізілді.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Әлихан Бөкейхановтың 150 жылдық мерейтойына арналған «Тарих кеңістігіндегі тілдерді дамытудың өзектілігі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция барысында қазіргі таңда өзекті болып саналатын тілдерді оқыту мәселелері мен Алаш руханиятының алтын дінгегі болған асылдарымыздың тіл, әдебиет, тарих, елдік мәселелерін арқау еткен мұраларын өскелең ұрпаққа насихаттау бағытында бірқатар идеялар мен болашаққа бағыт-бағдар беретін тың ойлар ортаға салынды. Бұл өз кезегінде Алаш жұртының алдапаны, ұлт мұратын ту еткен Әлихан Бөкейханов бабамыздың тәуелсіздікке жету жолындағы тағылымын, рухани құндылықтарымызды, оның ішінде тілімізді өркендетудегі орнын саралап зерделеуге мол мүмкіндік беруімен құнды. Республикалық ғылыми-практикалық конференция төмендегі мазмұнда ұсыным жасады:

1. Мемлекеттік тіл саясатын тиімді жүзеге асыру мақсатында Алаш көсемдерінің идеяларын басшылыққа алу;

2. Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың есімін Қарағанды қаласының Октябрь ауданына беру және ескерткіш орнату жұмысын қолға алу;



3. Алаш қайраткерлерінің мұрасын терең зерттей отырып, олардың есімдерін ұлықтау шараларын жүйелі түрде жүргізу;

4. Тиісті органдарға Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығын, қайраткерлік қырларын зерттеуге қосқан еңбегі үшін табыстатын Әлихан Бөкейханов атындағы төсбелгі тағайындау туралы ұсыныс білдіру;

5. Білім басқармасының ықпалымен Алаш арыстарының есімдерін ұрпақ санасында жаңғырту үшін мектеп қабырғасында «Алаштану» атты арнайы курс ұйымдастыру;

6. Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында ұлттық маңызы бар ауқымды шаралар өткізу;

7. Тілдерді оқыту жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа технологиялар мен тың әдістемелерді әзірлеу және енгізу;

8. Тілдерді оқыту саласындағы мамандардың заманауи кәсіби біліктілігін арттыру;

9. Тілді меңгеру деңгейін анықтайтын «Қазтест» жүйесіне қызметкерлерді көптеп тарту жұмысын қарқынды;

10. Облыстағы түрлі себептермен атаулары бұрмаланған елді мекендердің тарихи атауларын қайтару жұмыстарын жандандыру. Коференция қатысушылары аталған ұсынымдар тиісті деңгейде назарға алынатынына сенім білдірді.

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.**

## «ТҮРҒЫН-ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ, АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ, ТҮРҒЫН-ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 6 АЙДА АТҚАРҒАН ЖҰМЫСЫ

«Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2016 жылы тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бағдарламаларын іске асыруға, тұрғындарға сапалы коммуналдық қызмет ұсыну, сумен қамтамасыз етудің жемісті жұмыстарын, қаланы абаттандыру және көгалдандыру, санитарлық тазалау кешенді жұмыстарын жүргізді.

Қаланың тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы құрылымы тұрақты жұмыс атқаруда және де көп бағыттар бойынша айтарлықтай өзгерістер бар.

### 2015-2016, 2016-2017 ж.ж. жылу маусымы.

2015-2016 ж.ж. жылу маусымы тұрақты және үздіксіз өтті.

2015-2016 ж.ж. жылу маусымы қала әкімінің 2015 жылы 28 қыркүйектегі № 460 өкіміне сәйкес, 2016 жылы 11 сәуірінің сағат 00:00-де тоқтатылды.

2015-2016 ж.ж. жылу беру маусымы 2015 жылдың 15 қазанында сағат 00:00-де басталды.

Приозерск қаласының коммуналдық шаруашылық объектілерінің 2015-2016 жылу беру маусымына дайындығы, өмірді қамтамасыз ету объектілері басшыларының келісімдерімен, өткен жылдың жылу маусымы қорытындысында айтылған ұсыныстарына сәйкес жөндеу жұмысының жоспарымен жүргізілді.

### №1 ҚАЗАНДЫҚ

№1 Қазандық қаланың жылу көзі болып табылады. 5 қазандықтан тұратын №1 Қазандық 1971 жылдан бастап жұмыс істейді. №1 қазандықтың жобалық қуаты 14 Гкал/сағ құрайды. 5 қазандықтың жылу жобалық қуаты 70 Гкал/сағ. құрайды, орнатылған жылу қуаты 42 Гкал/сағ.

№1 қазандықтың алдағы жылу маусымына дайындығы үшін 44 599,0 мың теңге бөлінді.

Қазандықты жөндеу жұмысын жүргізу үшін «Қарағанды-Котломаш» ЖШС-мен келісімшарт құрылды.

№1 Қазандықта келесідей жұмыстар атқарылды: №1 Қазандықта ағымдағы жөндеу жүргізу (қазандық сыртқы қорабын ашып, бөлшектеу қаптау түтік жою), № 3 сүзгіге күрделі жөндеу жүргізу және №1,3 Желілік сорғыштардың (д 300 – 2 дана) ысырмасын ауыстыру, Конденсаттық бақты және сорғыларға ревизия жұмыстары жүргізілуде.

### КӨПҚАБАТТЫ ТҮРҒЫН ҮЙЛЕР

2016-2017 ж.ж. жылу беру маусымына дайындық барысында барлық көп қабатты тұрғын үйлерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Бүгінгі есеп беру күніне барлығы 19 тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жұмысы аяқталған.

### ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ (ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІ)

Кварталдық жылу желілерінің 2 470 метріне «Гранд Курылыс» ЖШС жөндеу жұмыстары және изоляциялау жұмыстарын жүргізуде.

ТҮҚКБ-ның тарифтық сметада ( 5 млн теңге) салынған қаржыға 220 метр жылу құбырлары ауыстырылды.

Жалпы 2 470 м. жылу желілері ауыстырылды.

### ҚАЛАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНА АЖЖ

Подпиткалық және желілік сорғыны қайта қарау жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар құбырларды бояу, № 1,2 қазандықтың түтін шығару құбырын тазалау жұмыстары, сырмаларға ревизия жүргізілді.

2016 жылға барлығы 650 тонна көмір алу жоспарлануда. Кестеге сәйкес көмір алу мерзімі тамыз айында жоспарлануда.

### 1.6. СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ

№2 Су қоймасын қажетті химиялық реагенттермен «ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ» бөлімі қамтамасыз етуде

№2 Су қоймасы №1 және №2 көтермеде келесідей жұмыстар атқарылды.

1.Электрқозғалтқышты сорғыштарды бөлшектеп қайта қарау-9 дана.

2.Құрал-жабдықтарды бояу;

3.Вакумдық бактарды тазалау;

4. d-400 мм – 11 дана., d-200 мм – 8 дана сырма қайта қарау.

5.Электр құралдарын қайта қарау.

Тазалау станциясында:

1.ф-300 мм сырма ауыстыру – 2 дана.

2.ф-200 мм сырма ауыстыру – 1 дана.

3.ф-150 мм сырма ауыстыру – 6 дана.

4.ф-100 мм сырма ауыстыру – 3 дана.

### 1.7. КӨРІЗ ЖҮЙЕСІ

2014 жылы жылы Ақ бұлақ бағдарламасы

бойынша «Приозерск қаласының көріз ағызу және тазалау ғимаратын қайта құру» жобасын жүзеге асыру басталды.

Бас Мердігер-«Каздорстройтех» ЖШС.

**Бас жобалаушы-** «Құрылысэксперт-проект» ЖШС.

Техникалық қадағалауға: «Алем Construction Group» ЖШС.

Ғимараттарды бөлшектеу жұмыстары, әкімшілік ғимараттар құрылысы (жер қазу және іргетас құру), электржабдықтау құрылысы (жер қазу), сумен жабдықтау құрылысы (Д-160 мм құбыр төсеу) жұмыстары жүргізілді.

2016-2017 ж.ж. жылу беру маусымына дайындық барысында ЖСАС және АНБ объектісінде келесідей жұмыстар атқарылуда:

### ЖСАС:

2 дана - d-150 сырманы қайта қарау;

4 дана - d-200 сырма қайта қарау.

4 дана - электроқозғалтқышты сорғыштарды жөндеп қайта қарау;

3 дана-вакумдық бақты жөндеу;

Электрштитін қайта қарау.

### АНБ:

3 дана - d-100 сырмаларды қайта қарау;

3 дана – вакумдық бақты жөндеу;

3 дана - электроқозғалтқышты сорғыштарды жөндеп қайта қарау.

Электрштитін қайта қарау.

### ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЯ

Электр желісін және трансформаторлық станцияларды жөндеу жұмыстарын, электр қуатын беруші кәсіпорны 2016 жылға бекітілген кесте бойынша жұмыстарды атқаруда.

Ағымдағы жылы 62 ТП және 465, 9 км электр желісін, 61 дана станцияларының жабдықтарына күрделі жұмыстар жүргізілді.

### 3.АБАТТАНДЫРУ

**3.1.Санитарлық тазалау және көгалдандыру**

Приозерск қаласының әкімінің 2016 жылы 04 сәуірдегі №23-ө өкімімен 2 айлық көктемдік жарияланды. 2 айлық көктемдік бойынша қаланы көгалдандыру, санитарлық тазалау жұмыстары бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Қаланы 7 бөлікке бөліп және бюджеттік мекемелерден жауапты тұлғалар бекітілді.

2 айлық көктемдік барысында 19 рұқсат

етілмеген қоқыс орындары анықталып, 178 га жер аумағы тазаланды. 75 жас желкендер отырғызылып, 28 дана гүл орындары жөнделді. Жалпы 2 970 адам, 19 спецтехника жұмылдырылды. Сенбілік барысында көл жағалаулары да тазаланды. Сенбілік бойынша теледидар мен баспа бетке жарияланды. Сенбілікпен қатар апта сайын «Таза бейсенбілік» жүргізілді.

2 айлық көктемдік барысында 2 жалпы облыстық, 6 жалпы қалалық, 12 таза бейсенбілік өткізілді.

### 3.2. АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ, ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІП

Ағымдағы жылы қаланың автомобиль жолдарын жақсарту мақсатында Озерная көшесінің ұзындығы 840 метр ені 5 метр автомобиль жолына ағымдағы жөндеу жұмысы мен 9 жол белгілерін орнату жұмыстары жүргізілді. Жалпы көлемі 4 200 м<sup>2</sup> асфальт-бетондық қаптамаға облыстық бюджеттен 10 000,0 мың теңге және орталық көшелердегі шұңқыр жолдарын жасауға 1 500 мың теңге бөлінді.

### ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Достық көшесі мен Бауыржан Момышұлы көшесінің қиылысына бейне бақылау камерасы орнатылды. Жалпы соммасы -312 теңге.

Қала көшелеріне қосымша 17 дана жол қауіпсіздік белгілері орнатылды.

### 4.ТҮРҒЫН ҮЙ МӘСЕЛЕСІ

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаждар есебіне бүгінгі күнге барлығы 417 азамат тіркелген.

2016 жылдың 5 айында, Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы тұрғын үй комиссиясының 13 отырысы өткізілді. 132 өтініш қаралды.

Комиссияның шешімімен 27 келісім-шарт рәсімделді. Жалдаушының мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұратын тұрғын үйіне жекешелендіру тәртібімен меншік құқығын алуы бойынша 38 өтініш қаралды.

Т.Айдарханов,  
«ТҮКШ, ЖК, АЖ және ТҮИ» ММ  
басшысы

## САЛЫҚ ТУРАЛЫ СЕМИНАР-КЕҢЕС

Өткен бейсенбі күні қалалық мәслихаттың мәжіліс залында еліміздегі салық жүйесіндегі

өзгерістер мен жаңалықтар жайында семинар-кеңес болып өтті. Оған қалада жұмыс істейтін



жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар қатысты.

Семинар-кеңесті Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кіріс басқармасының басшысы Бауыржан Тұрсынханұлы Дүйсенов ашып, облыстан келген салық саласында қызмет ететін құрметті қонақтармен жиналғандарды таныстырып, алғашқы сөз кезегін

Қарағанды облысы мемлекеттік кірістер Департаментінің түсіндіру бойынша басқарма басшысы Меруерт Рахымбекқызы Саттыбаеваға берді. Баяндамашы келесі жылда қолданысқа енетін еліміздегі салық жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар жөнінде айтты. Бұдан соң Қарағанды облысы мемлекеттік кірістер Департаменті салық заңнамасын түсіндіру бойынша бөлімінің басшысы Зәуреш Қанатқызы Жойқынбаева және Қарағанды облысы мемлекеттік кірістер Департаменті кеден заңнамасын түсіндіру бойынша бөлімінің басшысы Әсет Болатұлы Омаровтар басқарып отырған салалар бой-



ынша сөз сөйлеп, саладағы өзгерістер жайында түсінік берді.

Баяндамашыларға семинар-кеңес қатысушылары тарапынан сауалдар қойылып, баяндамашылар оларға тұшымды жауап қайтарды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

## ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ, ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ МЕН ЖАРНАМА АГЕНТТІКТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Сыртқы жарнама мен көрнекі ақпараттың, оның ішінде тауарлық жапсырмаларда мәліметтердің сауатты жазылуын қамтамасыз ету, қателердің алдын алу, орын алған қателерді түзету, мәтіндердің қатесіз, сауатты жазылуын қамтамасыз ету мақсатында, Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі жанынан тегін консультациялық көмек көрсету үшін «Жедел желі» (Call center) орталығы құрылды. Байланыс телефоны: (871039)5-40-95.

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі

## ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ ГОРОДА, ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА И РУКОВОДИТЕЛЕЙ РЕКЛАМНЫХ АГЕНТСТВ!

Для предотвращения, исправления ошибок и обеспечения правильного написания текстов наружной рекламы, визуальной информации и товарных этикетках ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск» создана бесплатная горячая линия (Call Center) для предоставления консультаций. Контактный телефон: (871039) 5-40-95.

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск

Отдел внутренней политики, культуры и развития языков г.Приозерск



## ЗУҚА БАТЫР ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Зуқа батыр Сәбитұлының туғанына биыл 150 жыл толады. Ал, біз, алдаспан заманның жүзінде өмір сүрсе де, өз ұлтының ары мен намысы үшін, елінің азаттығы мен еркіндігі үшін жанын шүберекке түйіп өзінен мың есе күшті жаумен аянбай күрескен алпауыт жан туралы не білеміз? Әрине, ол туралы тәуелсіздік алғанға дейін не баспасөз беттерінде, не әдеби шығармалада оның аты аталмады, тиым салынды. Сондықтан Зұлқа батыр жайында хабарсыз қалсақ, оған кешіріммен карауға да болатын шығар? Осы оққылықтың орнын толтыру мақсатында газетіміз арқылы оның қысқаша өмір тарихымен таныстыра кетуді парызымыз санаймыз.

Зуқа батыр Сәбитұлы 1866-жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданының Кендірлік деген жерінде дүниеге келген. Зуканың әкесі шығыс өңіріне аса танымал – Сәбит молла. Арғы атасы Нұрмұхаммед абыз. Сәбитті жеті жасында Үпі қаласындағы Уәлдан хазіретке жетектеп апарып аманат етеді. Ол он тоғыз жыл оқып, Бұқара, Қазан, Самарқанды аралайды. Сәбит жиырма бес жасқа толғанда оның ақыл-ойына дән ыразы, пәтуа-пайымына тәнті болған хазірет Уәлдан немере қызы Ботиманы жары етіп, ақ батасын беріп, ақ жолын тілеп, аса таяғын қолына ұстатып: «Мынау сырлы таяқ, жеті пірдің қолынан өткен, шаршағанға дем болады, ауруға ем болады, жаныңнан тастама», – деп атамекеніне аттандырыпты. Сәбит Марқакөл, Маңыраққа мол біліммен оралды. Туған топырағы Қалба тауындай қормал, жүзген көлі Жайсаң көліндей жайсаң азамат болыпты. Ол атасы Нұрмұхаммед құсап Құдайдың құдыретімен қыранша қалықтап ұшып, аспан-көкті шарлап, Абылай ханның ақ туын жебеп аңызға айналмаса да, халқына қалтқысыз қызмет етеді. Ел үмітін ақтар, ертеңгі жер иесі жас ұрпақтың жадына білім нұрын төгеді. Елжұртына әспеттеліп, әйдік мәртебе Дамолда атанды. Ласты, Тасты, Буыршын, Тарбағатайға төрт бірдей медресе ашып, бар ғұмырын бала оқытуға сарп етеді. Осы мешіт-медреселерде бес жүзден астам бала оқып, кара танып, діни білім алса керек. Жас Зуқа да қаршадайынан мол діни білімді әкеден, сондай-ақ, осы өлкеге дін тарату үшін жіберілген Мұхаммед Мумин ишаннан сабақ алады.

Жасынан зерек, қимыл-қарымы бөлек, қабылеті ерекше, діни білімі зор, шариғатқа жүйрік, хат біліп, кара таныған, есеп-шотқа жүйрік, алғыр бала Зуқа ел көзіне ерте түседі. Енді ғана жетіліп, ат жалын тартып мініп, ел ісіне араласа бастаған шағында Майқашағайда әкесі қайтыс болып, тағдырдың тауқыметін тартады. Төрт баламен жесір қалған ана, бұғанасы қатпаған інілерінің ендігі өмір-тағдыры өзіне тікелей тәуелді екенін түсінеді. Қалбадағы болыс болмақ және әмеңгерлікке үміткер ағайыны оларды қасына көшіріп әкеледі. Зуқа байдың жылқысын баға жүріп, жетім мен жесірге, кедей мен кешікке байтөрелердің батқан тырнағын ерте сезінеді. Кеше өзі табынып өскен ел ағаларының атақ-даңқ, шен-шекпенге таласын көргенде олардың ит жыртқыс тірлігінен түңіліп кетеді. Әлсіздерге әлімжеттік көрсеткендерге қарсы келіп, ылғи да жоқ-жітіктердің жанынан табылады. Әлдекімнен зорлық, қорлық көріп тауаны шағылғандар жас та болса кара бұқараның қамын жеп жүрген бозжігіт Зуқаға келіп, арыз-арманын айтып, шағымданатындар

саны молаяды. Ал Зуқа болса, оларға шамасы келгенше қол ұшын беріп, көмектесуге тырысып бағады. Сонымен қатар Зуканың тез арада ес жиып, ел ісіне араласуына іргесі тиіп тұрған, төбеге шықса төбесі көрінетін Жидебай жерінен, Шыңғыс тау баурайынан қалықтай ұшып, қағып алғаны ауыздан ауызға лезде тарап, құйма құлаққа құйыла кететін, зейінінің жадында жатталып қалатын, ұйқыдағыны оятып, ояуды сергітіп, көзі ашықты серпілткен Абай өлеңдері еді деуге әбден болады. Кейінгі көз көргендердің айтуында, Зуқа әлдебір мәселеге шешім айтарда Құран аяттары, Пайғамбар хадистерімен қатар Абай өлеңдерін қатарластыра атап өтеді екен. Осының барлығы Зуканың халықшыл болып қалыптасуына әсер етсе керек. Ондай көкірегі ояу, көреген «бұзық» ақ патша ұлықтары мен өзара шен үшін итше ырылдасқан ел басшыларына ұнамайды. Осындай заман зардабына төзбеген Зуқа өзіне қарасты және тілеулес ағайын-жұртты ертіп, Сайқыннан орыстың бодандығынан аулақ Сауырға барып қоныстанады. Бұнда да қой үстіне бозторғай жұмыртқалап тұрмағаны белгілі. Сөйтсе де, ата-баба жолымен шәкірт тәрбиелеп, бала оқытып, айналасына ғылым-білім нәрін құя жүріп, әділдікке жетсем деп ойлайды.

Діни білімі мол, шешен тілді, шариғатқа жүйрік, атақты дамолла Сәбиттің мирасқары Зуканы сол аймақтың ең үлкен лауазым иесі, Әбілпейіс хан баласы Көгедайдың немересі Жеңісхан гүң өзіне шақырып, медресе молласы етіп тағайындап, кейін дау-шарға да араластырып отырады. Зуқа молла алдына келген «айыптыға» үкім шарапатты шариғат сөзін сөйлеп, біреудің ақысын алып берсе, енді біреудің кеткен есесін қайтарып берді. Байшонжарлардың көтензорлық қылып алған алымдарын әшкере етеді. Оның бұл қылғы әлсізді жәбірлеушілерге жақпайды. Осындай қоғамдық теңсіздікке жаны қас Зуқаға мешіт бағып, медресе ұстап, тамағын асырап, бала оқытқан өмірі зая кетіп жатқандай көрінеді. Бес шәкірттің алдында сопы болып сопайып отырған жылдары ерлік жігерін жасытып, қайрат күшін қапаста қамап қалғандай болды. Жасықтығы мендеп, жалғызсырап, заманы азаматтық арына лайықсыз өтіп жатқандай сезінді. Ол жалғыз күнде шешім қабылдап, моллалықты тастап, елі ішіне көшіп кетеді. Осы күннен бастап ұстаздық емес, жалпы ұлтқа қызмет ету жолына біржолға түседі. Осы жолдан өле-өлгенше тайған жоқ.

Қоғам қайраткері, жазушы-зерттеуші Уақап Қыдырханұлының айтуынша, әлі ешкім Зуқа батыр туралы жеріне жеткізіп жаза алмаған көрінеді. Бұл тарихымыздың әлі де түгенделмей жатқан, түсіп қалған бір беті, оның ашылмай, анықталмай жатқан сырлары мен қырлары ұшан теңіз. Елі үшін, жері үшін өле-өлгенінше басын бәйгеге тіге жүріп, сол жолда алтын жаны шаһит болған ер, батыр бабаларымыздың өмір сүрлеулерін, саяси күрескерліктерін, қоғамдық қызметтерін жырақта қалған уақыттың қатпар-қатпар қойнауынан қажымай, талмай аршып, алып шығып, толықтай шынайы зерттеп, соны жас ұрпақтың санасына құю тәуелсіз еліміздің талабы, соны орындағанда ғана біз бүгінгі азат күндеріміздің бағасына жетіп, мәңгілікті мұрат еткен арманымызды орындай алмақпыз.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

### Жаңарған қала-жаңа атау

## КӨШЕЛЕРГЕ ЖАҢА АТАУ...

Бұдан бұрын, осы жылғы 27-мамырдағы газет бетінде жарияланған «Мемлекеттік тілді дамытудың бір саласы – ономастика» атты мақаламызда қаламыздағы атауы ескірген, заманға қарай маңызын жоғалтқан көше атауларын өзгерту мәселесі туралы айтып болатынбыз. Көш атауларының жаңғыруына бейжай қарамайтын және өзіндік көзқарасы бар қала тұрғындары тарапынан көше атауларын жаңартуға қатысты бүгінгі күнге дейін атауларды ескірген 10 көшені қайта атау бойынша ұсыныстар келіп түсті. Ұсыныстардағы осы атаулармен газет оқырмандарын таныстырып кетуді жөн санаймыз.

Атап айтқанда, ұсыныс жасаушылар Центральная көшесін Тәуелсіздік, Пионерская көшесін Ақмамық, Нагорная көшесін Көкжиек, Приморская көшесін Бәйтерек, Приозерная

көшесін Көктеңіз, Новая көшесін Қоржынтүбек, Песчанная көшесін Наурыз, Совет Армиясы бульварын Сабыр Рахимов бульвары, Транспортиная көшесін Жеңіс, Гвардейская көшесін Талғат Бигелдинов көшесі деп атау бойынша өздерінің ой-пікірлерін ортаға салған. Ономастика мәселесіне байланысты жарияланған мораторий аяқталғаннан соң бұл бағыттағы жұмыстың жалғасын табатынын «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді бағыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкері Жұлдыз Тиштыбаевадан естіп білдік. Көше атауларын өзгерту мәселесінде өздерінің ой-пікірлерін қосқан барша азаматтарға алғыс айтағандарын және осы атауларды қолдануды комиссия мүшелері талқылайтынын жеткізді мекеме маманы.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ

## МӘДЕНИЕТ ТОЙДА ДА ТАНЫЛАДЫ

«Той дегенде – домалайды қу бастар...». Осы сөз той кезінде жиі қолданылатын тіркестердің бірі. Мәтел десек те болатын шығар. «Тойдың болдысынан, боладысы қызық» деп те жатады. Ол да рас. Тойға дайындық барысында қаншама шапқылаулар мен дайындық-жоспарлар болады. «Өздеріне шашатын халық қазынасы – тойың жұрттың көңіліне шықса екен, бірдеңесі кемшін соғып қалмаса екен, тойға келген ел-жұрттың көңілі толып марқайып қайтса екен, абыройымызға нұқсан келмесе екен...», - дегендей жүйке жұқарта мазасыз шақтарды әрбір той берушінің бастан өткізетіні хақ. Бұны той беріп көрген көпшілік жақсы түсініп отыр. Сол айлап шапқылаған мезі еткен шағың бас-аяғы әрі кеткенде 4-5 сағаттың ішінде өтеді де, кетеді...

Біздің айтамыз тіпті де басқа мәселе төңірегінде болмақ... Шақырылған тойға уақытында келмеу әдеті біздің қанымызға сіңіп кеткендіктен, ол жайың да қаузамай-ақ қоялық. Той иесі жақсыниетіне негізінен өзінің ең жақын адамдарын, көңілжетерлерін, тілеулерін шақырады ғой. Оған ұжымы мен баланың жора-жолдас, сыныптастарын қосыңыз. Түптеп келгенде, олар да осы шаңырақтың ең жақын адамдарының қатарында болмақ. Жоғарыда мензегеніміздей, қаншама қаржы жұмсап, жүйкені жұқартып өткізіп жатқан тойының жақсы өтуі негізінен асабаға байланысты деп жатады кейбіреулер. Келісуге болады. Тойдың дүрілдеп өтуінде асабаның шебелігі басты роль ойнайтыны анық. Десе де, тойдың тамаша өтуі оған қатысып отырған қонақтарға да тікелей байланысты екенін қаншама тойларға барып жүріп байқағанымызды жасырмаймын. Сырт көз – сыншы, тойға барғанда сырттай байқап отырсаңыз, осы сөзіміңіз шындығына сіздің де көзіңіз жетер еді. Тойдың сәні – ән, би, күй, түрлі ойындар мен әзіл-сықақтар екеніне ешкім дау айта алмайды. Алайда, ең маңыздысы – негізгі той себепкерлері болып саналатын жас жұбайларға айтылатын тілектің орны ерекше емес пе? Қазіргі асабалардың нәліктен тілек айтушыларды ондап емес, жиырмалап, тобымен ортаға шақыратынын да түсіне бастағандаймыз. У-да шу тойханадағы жұрттың мысын тезірек ортаға шығарып билетугемен басу үшін жасаған шарасыз амал-айласы секілді. Себебі, жұрт тілек айтып жатқанда 70-80 пайыз қонақтар өзара дуылдасып, шуласып, қол сілтесе әңгімеге беріліп жатады. Сөйлеушілердің арасында өнегелі, ғибратты, құлаққа жағымды тілек айтып, жастарға, той иелеріне арнап жататындары көптеп табылады. Бірақ соның бәрін әлгілердің у-шуы басып кетіп, түк ести алмай қалатынын бар. Асаба байғұс шырылдап, өтініп, кейде ұрысып та шуылдақтарды басуға, тыныштандыруға тырысқан болып, сол сәтте сәл бәсенсігенімен, сәл өтпей әлгі ызы-кику қайта жалғасады. Көбінесе байқайтынымыз, осындай шулы стол баланың достарына (соған лайық болса) тиесілі десек, жаңылмаймыз. Ашы су ауыздарына көбірек тиген дастарқан қонақтарының бәрінде де мұндай жағдайды байқауға болады. Тым болмаса дені дұрыстары тілек айтуға сөз берілгенде қасындағы масайған көршілеріне немесе жақындарына бір сөз басу айтуға болар еді ғой. Тым алыстан немесе сырт-



тан келген сыйлы қонақтар алдында өзіміздің мәдениет деңгейіміздің қандай дәрежеде екенін сөйтіп паш етеміз. Той иесі тісін тісіне қойып жүргенімен, не дей алсын?.. Желінген тамақ пен ішілген сусын, ішімдіктің шығынын санамай-ақ қоялықшы, микрофоннан әрі асып жататын у-шудың өзі-ақ қалтадағы қаражаттың емес, абырой-беделіңді шектеп төгіп жатады...

Біздің тойларымыздағы тағы бір өте жағымсыз әдет, кейбір отбасылардың ұсақ балаларын шұбыртып ертіп баруы. Асабаға балалармен алысатын тағы бір міндет жүктеледі. «Балаларыңызды алыңыздаршы, балаға не болыңызшы, бала аяқ астында қалып кетті...», деген ескертулерге бірі құлақ асса, кейбірі бұған тіпті де мыңқ етпейді. Тойға баратында «осы баламен ыңғайсыз болады-ау, ұят болар-ау, өзгерлерге кесірім тиеді-ау...», деген секілді ой болмай ма екен? Баламен тойға барған кісінің өзіне де тыным жоқ, өзгерлерге де маза бермейтінін біледі емес пе? Әлгі сөздердің бір ұшы өзіне таяқ боп тиіп, жұрттың жиіркенішін тудыратыны жасырын емес. Онымен қоймай, тырнақтай балалар көптен бірге ортаға шығып билеп, аяқтың астында қалып жататындары бар. Жаман айтпай жақсы жоқ, сондайда мертігіп не жазым болып жатса (беті аулақ) кімнен көрмек?!.. Бітпейтін дау-дамай сонда басталмай ма?.. Беті бұлқ етпейтіндер сондай жағдайда да кінәліні шам алып іздеп табырына дауа жоқ!.. Жалпы, арақ-шарап ішілетін, әртүрлі бейәдеп сөздер айтылатын, тіпті ұрыскеріс, төбелес болып жататын осындай ортаға бала етіп барудың өзі дұрыс емесін қарапайым ғана оймен екшеп алуға болады ғой. Біздің айтып отырғанымыз бір ғана тойдың көрінісі емес, әрдайым осылай болып жүргеніне сіздер де куәсіздер. Біз осындай тойлардағы көзбен көріп, көңілге түйгенімізді ғана айттық. Пікір білдіріп, айтылған ойдан қорытынды шығару өздеріңіздің патша көңілдеріңіздің құзырында, құрметті оқырман!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ҚР журналистер одағының мүшесі

### Спорт и бизнес

## ГОЛОВКИН НАМЕРЕН ИНВЕСТИРОВАТЬ СВОИ ДЕНЬГИ В ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Казахстанский боксер Геннадий Головкин готов инвестировать свои заработанные деньги в экономику страны. Спортсмен откровенно в родной Караганде производство по обогащению угля, информирует портал Nur.kz.

Вместе со спортсменом в роли учредителей выступили местные предприниматели и фонд "Самрук-Казына". Официальная презентация предприятия пройдет 5 июля. На производстве будут работать более 150 человек, а проектная мощность составляет 500 тысяч тонн угля в год.

"Идея появилась, наверное, после тех слов конкретного президента нашего Нурсултана Абишевича, когда он сказал: "Давай, побей их как следует и возвращайся домой". То есть, можно сказать, по назначению президента я решил инвестировать в Казахстан. Надо сделать хорошее для родины своей, то есть отдать должное", - прокомментировал Головкин.



Ранее Головкин открыл собственный интернет-магазин, в котором будет продаваться одежда под его брендом GGG.

источник: <https://sport.nur.kz>

## РАСПИСАНИЕ ДВИЖЕНИЯ ПЕЗДОВ ПО СТАНЦИИ САРЫ-ШАГАН

№ п/п	Сообщение	Приб.	Ст.	Отпр.	Дни следован
1	Алматы-2-Астана	01-30	10	01-40	ежедневно
2	Астана-Алматы-2	01-22	10	01-32	ежедневно
3	Алматы-2-Астана	22-51	16	23-06	ежедневно
4	Астана-Алматы-2	21-07	15	21-22	ежедневно
9	Алматы-2-Астана	06-00	15	06-15	ежедневно
10	Астана-Алматы-2	07-56	15	08-11	ежедневно
15	Алматы-2-Петропавловск	04-30	15	04-45	четный
16	Петропавловск-Алматы-2	21-47	15	22-02	нечетным
43	Алматы-1-Костанай	05-23	17	05-40	ежедневно
44	Костанай-Алматы-1	23-36	15	23-51	ежедневно
45	Алматы-Павлодар	23-08	20	23-28	нечетным
46	Павлодар-Алматы	18-36	15	18-51	четный
51	Алматы-1-Караганда	03-36	15	03-51	нечетным
52	Караганда-Алматы-1	01-59	27	02-26	четный
55	Кокшетау-Кызылорда	09-20	15	09-35	ежедневно
56	Кызылорда-Кокшетау	22-08	15	22-23	ежедневно
75	Кызылорда-Астана	20-33	15	20-48	нечетный
76	Астана-Кызылорда	07-17	15	07-32	нечетный
80	Астана-Шымкент	06-03	10	06-13	нечетным
79	Шымкент-Астана	02-15	10	02-25	четным
85	Астана-Сарыагаш	17-28	15	17-43	ежедневно
86	Сарыагаш-Астана	08-57	15	09-12	ежедневно
89	Астана-Кызылорда	06-03	10	06-13	четный
90	Кызылорда-Астана	16-54	10	17-04	нечетный
303	Алматы-2-Екатеринбург	04-56	19	05-15	вт.чт.
304	Екатеринбург-Алматы-2	08-44	15	08-59	пт.вс.
305	Екатеринбург-Бишкек	08-44	15	08-59	вт.сб.
306	Бишкек-Екатеринбург	04-56	19	05-15	ср.сб.
315	Ташкент-Екатеринбург	04-56	19	05-15	вск.
316	Екатеринбург-Ташкент	08-44	15	08-59	ср.
373	Алматы-2-Жезказган	13-19	15	13-34	пн.чт.
374	Жезказган-Алматы-2	02-46	15	03-01	ср.сб.
6898	Сары-Шаган- Мойынты	00-00			еж., кр. сб, вс, и прзд.
6897	Мойынты- Сары-шаган			00-00	еж, кр. сб, вс, и прзд.

источник: сайт "Казахстан темир жолы"

## МИССИЯ - СОЗДАНИЕ МИРА ЗДОРОВЬЯ ДЛЯ ЧЕЛОВЕКА

Корпорация «Сибирское здоровье» — один из Лидеров российского рынка, признанный эксперт в области здорового образа жизни и надежный партнер в создании бизнеса, а теперь и в Казахстане. Занимается разработкой и производством высокотехнологичных биологически активных добавок к пище и продукции для здоровья, образующую слаженную и логически связанную систему оздоровления. Корпорация помогает своим клиентам подобрать оптимальные оздоровительные программы для себя и своих близких. Миссия Корпорации: создавать для Человека мир ЗДОРОВЬЯ — мир гармонии физического, социального и духовного развития. Ассортимент продукции «Сибирского здоровья» насчитывает около 300 наименований натуральных биологически активных добавок, натуральной и декоративной косметики. Вся она разработана на научной основе, применяется в рамках комплексных программ оздоровления организма, проходит постоянный контроль качества.



Один из наиболее востребованных продуктов Корпорации «Сибирское здоровье» — «Истоки Чистоты», принципиально новая система комплексного очищения организма на уровне клеток. В отличие от большинства современных продуктов очищающего действия, «Истоки Чистоты» состоит из трех взаимодополняющих формул, которые обеспечивают работу трех главных механизмов очищения внутренней среды организма:

- очищение межклеточной среды;
- внутриклеточное очищение;
- антиоксидантная защита клеток.

Благодаря высокой эффективности и удобной форме этот продукт можно рекомендовать для постоянного применения всем лицам, проживающим в крупных и промышленных городах. Особенно необходимы «Истоки Чистоты» в следующих случаях:

- 1.Постоянное проживание в экологически неблагоприятных районах;
- 2.Работа во вредных производственных условиях;
- 3.Хронические заболевания, которые развиваются вследствие интоксикации организма или сами приводят к образованию шлаков:
  - болезни печени,
  - болезни кишечника,
  - болезни почек,
  - болезни органов дыхания,
  - болезни сердечно-сосудистой системы,
  - аллергические заболевания,
  - заболевания кожи,
  - нарушение углеводного обмена,
  - ожирение.

Первая формула «Истоков Чистоты» — это комплекс лекарственных растений, которые очищают пространство между клетками.

В организме человека каждая клетка окружена межклеточной жидкостью. Эта жидкость постоянно обновляется, в то время как отработанная межклеточная жидкость с растворенными в ней шлаками удаляется через сеть специальных протоков. Это могут быть лимфатические, желчные, мочевые и другие каналы. «Истоки Чистоты» задействуют все эти системы для наиболее эффективного очищения межклеточных пространств.

Такие компоненты первой формулы «Истоков Чистоты», как экстракт сенны, корни лопуха и трава зверобоя повышают двигательную активность кишечника, а также способствуют нормализации кишечной микрофлоры, что приводит к

ускоренному выведению токсинов и уменьшению образования кишечных шлаков. Трава хвоща и спорыша, а также листья брусники и черной смородины стимулируют очищающие функции мочевыделительной системы. Экстракт сосны, цветки бессмертника и пижмы, трава володушки, спорыша и зверобоя способствуют оттоку желчи. Листья брусники и черной смородины, корни копеенника и кровохлебки, трава клевера и сабельника регулируют очищающие функции кровеносной и лимфатической систем. Очищающую активность бронхов стимулируют корни солодки и трава зверобоя. Эхинацея, корни копеенника, трава сабельника и зверобоя стимулируют работу иммунной системы.

Вторая формула «Истоков Чистоты» — это комплекс растительных компонентов, очищающих внутриклеточное пространство.

Тщательно подобранные растительные компоненты второй формулы «Истоков Чистоты» стимулируют работу особых внутриклеточных ферментов, которые нейтрализуют вредные вещества, попадающие внутрь клеток. Одни ингредиенты, такие как экстракт крестоцветных овощей, экстракт солянки холмовой, плоды расторопши и экстракт курльского чая, способствуют быстрому обезвреживанию опасных токсинов. Другие растительные компоненты, такие как корни одуванчика, листья петрушки, хвоя пихты и листья зеленого чая, стимулируют выведение этих шлаков из клеток.

Активный состав: экстракт крестоцветных овощей, экстракт солянки холмовой, плоды расторопши, экстракт курльского чая, корни одуванчика, листья петрушки, хвоя пихты и листья зеленого чая.

Третья формула «Истоков Чистоты» — это сложный комплекс антиоксидантов растительного, животного и минерального происхождения.

Антиоксиданты — это витамины, микроэлементы и витаминоподобные вещества, которые защищают клетки организма от разрушительного действия свободных радикалов и других опасных химических веществ. Третья формула «Истоков Чистоты» использует все защитные свойства антиоксидантов и обеспечивает тройную защиту клеток.

Во-первых, это внешняя защита клеток. Такие антиоксиданты, как витамин С, растительные биофлавоноиды, активные вещества листьев черники, малины и персика, травы чабреца и плодов шиповника, а также уникальный экстракт косточек винограда, создают «непробиваемый» барьер вокруг каждой клетки.

Во-вторых, это внутренняя защита клеток. Антиоксидантные микроэлементы, такие как цинк, селен, медь и марганец, проникают внутрь клеток и стимулируют работу защитных внутриклеточных ферментов. Эти ферменты, подобно «ловушкам», нейтрализуют свободный кислород, образующийся внутри клеток.

В-третьих, это укрепление клеточных стенок. Витамины А и Е, а также уникальные растительные антиоксиданты лепестков календулы проникают внутрь клеточной оболочки и блокируют там разрушительные процессы окисления, которые могут привести к образованию опасных «пробоев» в стенках клеток.

При правильном и регулярном использовании комплексное очищение клеток с помощью «Истоков Чистоты» может дать следующие оздоровительные эффекты:

улучшение состояния кожи и волос; нормализация пищеварения и исчезновение неприятного запаха изо рта; нормализация обменных процессов и снижение избыточной массы тела; нормализация сна и улучшение памяти; нормализация мочеотделения и исчезновение отеков; улучшение состояния суставов; укрепление иммунитета; снижение выраженности аллергических реакций; улучшение состояния крови и сердечно-сосудистой системы; улучшение зрения; нормализация состояния мужской и женской мочеполовой сферы; повышение общего тонуса и работоспособности.

источник: [www.siberianhealth.com/ru](http://www.siberianhealth.com/ru)  
(на правах рекламы)

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ  
«МИЛОЛИКА»**  
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:  
ул. Космонавтов,  
5-107,  
телефон: 5-50-81  
Время работы:  
с 10.00 час. до 19.00 час.  
Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр  
запись по телефону:  
8-771-699-32-89

Парикмахерская  
**Милолика**

Ваша красота -  
Наша работа!

**СТРИЖКИ - УКЛАДКИ  
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)  
ПЕДИКЮР**

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 26/462. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2,8 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041